

Көзбен көргенді көңілде ғана сақтай алмадым...

Қарттар үйіндегі қариялар, олардың хал-ахуалы, рухани жан-дүниесі, психологиялық дағдарысы жайлы үйде тұрған көк жәшіктің ішінен көріп те, естіп те жүрміз. Өз ата-анасын қартайған шағында далада қалдыру -тойып секірудің бірі. «Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» дегенді білмейтін, санасы төмен, өзімшілдер адам санын көбейтіп жүрген-айуандардың өзі. Айуан болмай немене?! Бар қызығым балаларым, болашағым деп өмір сүрген- аузына жылыны, астына жұмсақты төсеген ата-анасын жалғыз күнде қарттар үйіне тапсыру айуандық емей немене?! Қандай себеппен «тастадым» дейді өзгеге? Өзгені қойшы, өзіне. Өзіндік ар-ұят, сондай-ақ ұжданы қалай маза береді-ау, сонда? Өзінің санасын семіткенмен бұл ісін болашағы, балалары көрмей ме?! Мұндай сұмдықты көріп өскен жасұрпақтан осындай айуандық, жамандық көріп жатса таңқалатын ештеңе жоқ. Қоғамдағы қордаланған бұл мәселені әзілмен де, тікелей де, әнмен де, әңгімен де жеткізіп жатыр. Дегенмен, сананың саңылауы саф болатпен бітеліп қалғандай, ақыл ойдың өзегіне жетер емес... Көп қария тағдыры «Қара шалдың» сөзімен зырғып, өмір ағысымен ақырын ғана жылжуда... Өкінішті-ақ... Немересінің тәтті иісін сағынған, бір көруге жалынған қарттар... Өткен жылы жазда көзіммен көрген оқиғаны басынан бастап баяндайын. Құрбыларыммен ауданға бардым. Аудан орталығындағы су бұрқасын жанында отырғанбыз. Үстінде ескі, қоңыр көйлек киген қария әжей қасымызда тұрған адамдардан қайыр сұрағандай емеурін танытты. Кейбіреуі барын беріп жатса, енді бірі ала көзбен ата қарап, қасқайған күйінде тұра берді. Біз тұрған жерге келіп, жайлап қана: «нан алуға жиырма теңге беріңдерші»-деп сұрады. Қолымыздағы ақшаны бергеннен кейін кейуана жаймен ғана кетіп қалды. Кейін тағы да сол әжейді көрдім. Бұл жолы жалғыз емес. Қызымен бірге сияқты. Ұзын бойлы, қысқа шашты отыз шамасынан асқан әйел адам қасында болды. Өткендегі жағдай, яғни қайыр тіледі. Содан кейін ол қарт жанды көрмедім. Жақында сол су бұрқасынның жанынан жаңағы кейуанамен тағдырлас тағы бір жанды кездестірдім. Орта бойлы, бетін тағдыр салған қиындықтың табындай қаптаған қалың әжім,жәудіреген жанар, қайыр тілген қолдар... Осындай жандарды көргенде көкейге «тағдыр неткен қатал еді?! Жанында жақындары жоқ па екен?!»-сынды сан-сауалдар сананы торлап алатыны жасырын емес. Менің көргенім тек екі кейуананың тағдыры. Осындай қаншама тағдыр тәлкегіне түскен, кейуаналарға тағдырлас қаншама жандар бар десеңізші... Жұмақтың кілті ата-ана разылығын алу арқылы алынатынын ұмытпайық. Балалық шақта шекеден шертпей өсірген ата-анамыз еңбегінің жемісін көрер шақта көздері жәудіреп, көңілдері жүдеп жүрегі жараланбаса екен. Мақалам мәңгүрт жанның жанына жарық сыйласа еңбегімнің салмақсыз болмағаны...

Ойланыңдар

Жәудіреген көріп жүрміз көп жандарды,жалынышты,

Боп барамыз Аллаға емес, ібіліске бағынышты.

Қатыгез бен хайуан жандар ісі-

Өртеп барад, күйдіріп, қарып ішті.

Ата-ана берекесі босағаның,

Жамандықты бұл жандарға жасамағын.

Жасаған жамандығың есте болсын,

Болашаққа балта шауып,жасағаның.

Бұл екі жан күлсе егер күн күледі,

Жабырқаса, жаулығын түн түреді.

Екі жанның разылығы Алланікі-

Иманды жан мұның бәрін шын біледі.